

5.5. ата-аналарға ерте жастағы балаларға қатысты болатын жазатайым жағдайлардың алдын алу бойынша ұсынымдар

- ◇ Дәрі-дәрмектер мен тұрмыстық химия құралдарын балалардың қолы жетпейтін жерлерде, ал пестицидтер мен мұнай өнімдерін бөлек үй-жайда сақтау қажет;
- ◇ Химикаттарды тамақ өнімдеріне арналған сыйымдылықтарда сақтауға болмайды; ◇ От көздері мен жылыту құралдары мұқият қоршалуға тиіс:
- ◇ Тамақ пен суды жылытуға арналған электр құралдарының баулары қысқа болуға тиіс. Ұзын бауларды жоғарыға – балалардың қолы жетпейтін жерге іліп қойған дұрыс. Үстелде жапқыш болмауға тиіс. Ыстық тамақты, шайнекті үстелдің шетіне емес, ортасына қойған дұрыс;
- ◇ Пайдаланылмайтын электр ажыратқыштар бітеуішпен жабылуға тиіс;
- ◇ Баланы машинада балаларға арналған арнайы отырғышпен алып жүрген жөн;
- ◇ Суда және судың жанында бала ересектердің қарауынсыз бір минутқа да қалмауға тиіс. Егер үйде бассейн болса, оны мұқият қоршау қажет;
- ◇ Сіріңкені, пышақты, қайшыны, инелер мен түйреуіштерді балалардың қолдары жетпейтін жерлерде сақтау қажет;
- ◇ Бала ойнайтын алаң жүргінші жолынан қалқалануға тиіс;
- ◇ Үйдің қасынан машинамен кетер кезде жанында баланың жоқ екеніне көз жеткізу қажет;
- ◇ Баланы жуынатын бөлмеде қараусыз қалдыруға болмайды;
- ◇ Шайнауды үйренбеген кішкентай балаға тыныс жолдарына түсіп кетуі және тұншығып қалуы мүмкін болғандықтан жаңғақ бермеу керек.